

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№1 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 19 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқаны: 45 ата-ана

Қатыспағаны: 13 ата-ана

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының міндеттері мен мақсаттары.
2. Балалардың күн тәртібі және балабақша ішкі тәртіп ережелері.
3. Ата-аналар комитетін сайлау.
4. Балалардың қауіпсіздігі және денсаулығын сақтау.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша тәрбиеші Рысбаева А.О. сөз сөйлеп, жаңа оқу жылындағы тәрбие мен білім беру жұмыстарының бағыттарымен таныстырды. Балалардың танымдық, шығармашылық, тілдік және әлеуметтік дағдыларын дамытуға ерекше көңіл бөлінетінін айтты. Ағымдағы 2024-2025 оқу жылдарында «Айгөлек» жеке бөбекжайы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы №348 бұйрығы МЖМБС талаптарына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына бекітілген өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі №394 бұйрығы Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының 1,2 -қосымшаларға, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы №499 бұйрығына (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығына қосымша) бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Бөбекжайымызда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы №6 бұйрығымен бекітілген ерекше білімді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдап отыру қағидалары, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына қосымша ҚР Оқу-ағарту министрінің 27.08.2022 № 382 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі негізінде жұмыстанды.

Екінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Қожықова А.А. балалардың күн тәртібі, сабақ кестесі, ата-аналардың жауапкершілігін түсіндірді. Баланы уақытылы әкелу мен алып кету қажеттігі айтылды. Дені сау, көңілді балаларды тәрбиелеудің маңызды шарттарының бірі - дұрыс режимді, яғни күн тәртібін нақты ұйымдастыру. Егер баланың өмірі күн тәртібіне сәйкес жүрсе, яғни, бір уақытта ойнайды, тамақтанады және ұйықтайды, бұл оны сау және сабырлы етіп тәрбиелеуге көмектеседі.

Балабақшадағы күн тәртібі мектеп жасына дейінгі балаларға тән жалпы қабылданған нормалар негізінде белгіленеді. Баланың тамақтану тәртібі өте маңызды және ерекше назар аударуды қажет етеді. Балабақшада тамақтанудың белгілі бір сағаттары белгіленеді және олар дәл орындалады. Өсіп келе жатқан ағза үшін ең жақсы демалыс - ұйқы. Күндізгі уақытта 4 жастағы балалар кем дегенде 2 сағат ұйықтауы керек. Кешке 20 сағат 30 минуттан кешіктірмей ұйықтау керек. Отбасында баланың да өз міндеттері болуы керек, бұл оны ұйымдастырады және еңбекке баулиды.

Үшінші мәселе бойынша: ата-аналар комитетіне 3 адамнан тұратын кандидаттар ұсынылды.

Төртінші мәселе бойынша: Медбике Ашимова С.А. Балалардың денсаулығын сақтау, жұқпалы аурулардың алдын алу және жеке бас гигиенасын қалыптастыру жөнінде баяндама жасады. Балалардың қауіпсіздігін қалай сақтаймыз? Өмір қауіпсіздігі негіздері, ережелерінің мақсаты: өмір сүрудің қауіпсіз және қатерсіз жағдайын құру үшін; ауылшаруашылық объектісін төтенше жағдай кезінде апаттар және оларды залалсыздандыру кезіндегі жоспарлау мен сауатты шешім қабылдау үшін қажет.

Тәрбиеші топқа кіретін әр баланың өмірі мен денсаулығы үшін дербес жауапкершілікке ие. Ешбір жағдайда балаларды қараусыз қалдырмауға тиіс. Бөбекжай – бақшасы аумағынан тыс жерде серуендеу немесе саяхат өткізу жөніндегі нұсқаулықты қатаң сақтау.

Балаларды бөгде адамдарға, кәмелетке толмаған балаларға, ішімдік ішіп келген жағдайдағы адамдарға бермеу.

Егер баланы ата - анасынан бөгде адам алып кететін болса, ата - анасы немесе сенімді адам қол қойған сенімхатты рәсімдеу қажет.

Ересек адамдарға жұмыс істеуге қажет барлық өткір және қауіпті заттар (ине, түйрегіш, қайшы, жуу және дезинфекциялаушы құралдар) балалардың қолы жетпейтін орында тұруы тиіс.

Қаулы:

1. Балабақшаның 2025–2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары қабылдансын.
2. Балалардың күн тәртібін сақтау ата-аналарға міндеттелсін.
3. Ата-аналар комитетінің төрайымы сайланып, бекітілсін.
4. Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау жұмыстары тұрақты жүргізілсін.

Төрайымы:

Хатшысы:

Кошбаева А.Х.

Мамбетова Н.Б.



АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№2 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 23 қаңтар 2026 жыл

Қатысқаны: 42 ата-ана

Қатыспағаны: 20 ата-ана

Күн тәртібі:

1. I жартыжылдықтағы оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы.
2. Балалардың сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік шаралары.
4. Отбасы мен балабақша ынтымақтастығы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Құрметова А.Қ балалардың I жартыжылдықтағы жетістіктері туралы баяндады. Балалардың оқу қызметіне қызығушылығы мен белсенділігі жоғары екендігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша: Педагог-психолог Гиметдинова А.А. ата-аналарға балалардың тілін дамыту үшін күнделікті кітап оқу, әңгімелесу және жаңылтпаш жаттатудың маңызын түсіндірді. Мектепке дейінгі балаларға тәрбие мен білім беру жұмыстарын ұйымдастыруда олардың сөйлеу, тілін дамыту, байланыстырып сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, құрастыра сөйлеуге, сөздік қорының молаюына баса көңіл бөлген жөн. Біз балалармен сөздік жұмысын жүргізе отырып, оларды айналасындағы заттармен таныстырып, атын атай білуге, қасиеті мен сапасын, түр-түсі және пішінін ажырата білуге, өмірдегі, қоршаған ортадағы түрлі құбылыстар жайындағы ұғым, түсініктерін дамыта отырып, белсенді түрде тілдік қарым-қатынас жасай білуге үйретеміз. Өз жұмысымда балабақша ұжымының алдына қойған мақсатымен ұштастырамын. Жаңа технологияны, әдіс - тәсілдерді тиімді қолдану білім сапасын көтереді. Ең басты мақсатым: жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, қазақ тілінде еркін сөйлеу дәрежесін көтеру. Балабақшадағы тәрбиелеу-оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс-әрекет кезіндегі тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берілген. Мектеп жасына дейінгі кезеңдегі балалармен сөздік жұмысын жүргізу ісі- тіл дамытудың негізгі бір міндеттері болып есептелінеді. Тіл үйренуде ең басты міндет – балалардың сөйлеу тілін жетілдіру.

Тіл үйретуде ең басты міндет - балалардың сөйлеу тілін жетілдіру. Балалар тілдің грамматикасын білу арқылы бір - бірімен сөйлесуді, сұрақ қоюды үйренеді. Диалогтың және монологтың жеке тұлға үшін атқаратын қызметтері бір арнаға тоғысып жатады баланың танымдық қабілетін, жалпы тәрбиелік деңгейінің дамуына әсер етеді. Диалог пен монологтардың тіл үйренуші үшін маңызы өте зор. Күнделікті бала өмірінде жиі қолданыста жүрген сөздерді пайдалана отырып сөйлесу тілді тез меңгеруге мүмкіндік береді. Диалог пен монологтарды сурет бойынша, техникалық құралдар және ойын элементтері арқылы құрастыруға болады.

Үшінші мәселе бойынша: Әдіскер Мамбетова Н.Б. сөз алды ...

- Қыс мезгіліндегі жол жүру қауіпсіздігі, мұздан сақтану, жылы киім кию мәселелері қаралды. Ең бірінші, балалармен алдын ала әңгіме жүргізу қажет. Аязды ауа-райында далада аз уақыт өткізетіндерін айту. Балаларға аяздың қауіптілігін түсіндіріп, денсаулыққа зиян екенін ұғындыру маңызды. Міндетті түрде қарлы, мұзды жерлерден аулақ болу керек. Қардан тазаланған парктер мен ойын алаңдарында ойнау керек. Балалардың аяқ киімдерінің тайғанақ болмауын қадағалау және киімдерінің жылылығы мен жайлылығына назар аудару қажет. Балаларға қарлы, мұзды жолдарда ойнауға болмайтынын түсіндіріп, қауіпсіздік ережелерін ұстануды үйрету керек. Егер бала құлап, жарақат алса, медициналық көмекке жүгіну керек.

Төртінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Атауова О.Г. ата-аналардың балабақша өміріне белсенді қатысуының бала тәрбиесіне оң әсер ететіні айтылды. Қоғам үшін әр кезеңде, әр отбасында өсіп келе жатқан өрімдей ұл — қыздардың дені сау, рухани бай, еңбекке, білімге құштар болып өсуі — ең жоғарғы тілек, ең биік мақсат. Оның қуат алатын қайнар бастауы отбасы. Отбасының аса құнды ықпалы мен әсерін өмірдегі ешнәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Балаға ата — ана тәрбиесінің орнын ешнәрсе алмастыра алмайды. Отбасы — өмірге сәби әкеліп, оны тәрбиелеп, қалыптастыруда және ұрпақ жалғастыруда теңдесі жоқ орын.

Отбасының балаға тәрбие берушілік қызметінің мақсаты — балаланың жасын, жеке ерекшелігін, психологиялық процестерін ескере отырып, жарасымды жетілген ұрпақты тәрбиелеу. «Баланы жастан», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деген даналық сөздердің мағынасы өте терең. Себебі, есейіп кеткен соң баланың теріс мінезін, қалыптасқан қате көзқарасын өзгерту өте қиын. Ұлы педагог А. С. Макаренко: «Балалардың алдында беделді болуды қаламайтын ата — ана жоқ. Бірақ қалай, қай бағытта өнеге беріп, өсіріп келе жатқанын ойламастан, бала санасын рухани өктемдік жасап тәрбиелейтін ата — ана баршылық. Отбасы — барлығының басы, жан — жақты дамуының негізі болатын тәрбие институты. Ал әке мен шеше — баланың алғашқы тәрбиешілері. Ата — аналар бала бақытының шынайы бағбаны болуы тиіс.

Бүгінгі таңда болып жатқан өміріміздегі өзгерістерге байланысты ұстаздар мен ата — аналардың бала тәрбиелеудегі жауапкершілігі арта түсуде. Балаларды оқыту мен тәрбиелеуде отбасының басым ролін мойындай отырып бірлесе жұмыс жасау керек. Әрбір ұстаз ата — аналармен қарым — қатынас жасауда түрлі тәсілдерді, қазіргі жаңа технологияларды пайдалана отырып, ата — ананың қызығушылығын арттыру мақсатында жұмыс жасаса, ата — ананың балабақшаға, тәрбиешіге деген көзқарасы өзгерер еді.

1. І жартыжылдық қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Үй жағдайында балалардың тілін дамыту жұмыстары күшейтілсін.
3. Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері қатаң сақталсын.
4. Ата-аналар мен тәрбиешілер арасындағы байланыс жүйелі түрде жүргізілсін.

Төрайымы:  Кошбаева А.Х.
Хатшысы:  Мамбетова Н.Б.

Хатшысы: Мамбет Мамбетова Н.Б.

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ

№3 ХАТТАМАСЫ

Өткізілген күні: 22 мамыр 2026 жыл

Қатысқаны: 48 ата-ана

Қатыспағаны: 10

Күн тәртібі:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы.
2. Балалардың даму мониторингінің нәтижелері.
3. Жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру.
4. Келесі оқу жылына ұсыныстар.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша: Тәрбиеші Құрметова А.Қ. оқу жылы бойындағы атқарылған жұмыстарға есеп берді. Балабақша меңгерушісі 2025–2026 оқу жылының қорытындысы бойынша баяндама жасады. Ол жыл бойы оқу-тәрбие жұмыстары жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүргізілгенін атап өтті. Балалардың қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайту, сапалы білім беру және ұлттық құндылықтарға тәрбиелеу бағытында ауқымды жұмыстар атқарылғаны айтылды. Жыл ішінде өткізілген мерекелік шаралар, ашық оқу іс-әрекеттері, ата-аналармен бірлескен жұмыстар, экологиялық акциялар мен патриоттық тәрбие бағытындағы жобаларға талдау жасалды. Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға, тілдік және әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінгені атап өтілді. Меңгеруші оқу жылы барысында педагогтердің кәсіби белсенділігі артқанын айтты. Педагогтер семинарлар, шеберлік сыныптары, әдістемелік кеңестерге белсенді қатысып, өз тәжірибелерімен бөліскені айтылды. Сонымен қатар, инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқу-тәрбие жұмыстарының сапасы жақсарғаны атап өтілді. Балалардың қатысымы мен даму мониторингінің қорытындысы бойынша көптеген тәрбиеленушілердің бағдарламалық материалдарды жақсы меңгергені анықталғаны айтылды. Дегенмен, кейбір балалармен жеке түзету жұмыстарын жалғастыру қажеттігі көрсетілді.

Екінші мәселе бойынша: Әдіскер Мамбетова Н.Б. сөз алды....

- Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға, өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге, педагог тарапынан қамқорлық пен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған, жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді.


Әр баланың даму көрсеткіштері таныстырылып, ата-аналарға жеке ұсыныстар берілді. Тәрбиешілермен жүргізілген мониторинг нәтижесінде балалардың білім-біліктілік дағдысының даму деңгейі жақсы деңгейде екенін тек тілдік дағдылары мен танымдық дағдыларын дамыту жұмыстарын жандандыру қажет екені анықталды. Мониторинг нәтижесі бойынша балалардың құзыреттіліктерінің даму динамикасының оңтайлы екендігі байқалады. Бұдан ұйымдастырылған оқу қызметтері жеткілікті деңгейде жүргізілуде деген қорытынды жасауға болады. Салыстырмалы бақылау нәтижесінде тәрбиеленушілермен сөйлеуді дамыту жұмыстарын жиі жүргізу, балаларды өз бетінше әрекет етуге ойын ашық айта білуге үйрету, шығармашылық қабілеттерін дамыту, сурет салу өнеріне баулу, ермексазбен жұмыс жасату технологиясын үйрету қажеттілігі анықталды. Тәрбиешілермен басқа барлық мамандардың жұмыстары өте тығыз ынтымақтастықта жүргізіледі. Балалардың даму деңгейін тексеру және бақылау бөбекжай басшылығымен әдістемелік кеңесте талқыланды.


Үшінші мәселе бойынша: Медбике Ашимова С.А. жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, күн өтуден, судағы қауіптен және жол-көлік оқиғаларынан сақтандыру мәселелері қарастырылды. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мәселелері қарастырылды. Балалардың жаз мезгіліндегі қауіпсіздігі, күн тәртібін дұрыс ұйымдастыру, аула тазалығы мен көгалдандыру жұмыстары талқыланды. Тәрбиешілерге жазғы серуендер мен ойындарды қауіпсіз ұйымдастыру, су және құммен ойнау ережелерін сақтау, балалардың денсаулық жағдайына ерекше бақылау жүргізу тапсырылды. Сонымен қатар, келесі оқу жылында балалардың тіл дамыту, экологиялық тәрбие және қауіпсіздік бағытындағы жұмыстарды күшейту қажеттігі айтылды.

Төртінші мәселе бойынша: Ата-аналардың ұсыныстары тыңдалып, келесі оқу жылына арналған жоспарлар талқыланды. МАД тобының тәрбиешісі Кабдул А.А. әр баланың жинақталған материалдармен бірге "Портфолио" папкасы бар екенін атап өтті. Сонымен қатар жылдық жоспарлары бойынша жасалып келе жатқан тақырыптар туралы айтып, нәтижелерін презентация түрінде баяндады.

Қаулы:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы жақсы деп бағалансын.
2. Балалардың даму көрсеткіштері назарға алынсын.
3. Жазғы демалыс кезеңінде қауіпсіздік ережелері сақталсын.
4. Ата-аналардың ұсыныстары 2026–2027 оқу жылында ескерілсін.
5. Оқу жылында белсенділік танытқан ата-аналарға алғыс жариялансын.

Төрайымы:  Кошбаева А.Х.

Хатшысы:  Мамбетова Н.Б.

